

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Шымкент университеті

«Экономика және есеп» кафедрасы

МІНДЕТТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

Мамандық атауы:	Есеп және аудит
Мамандық шифры:	5В050800
Дайындау бағыты:	Экономика және бизнес
Берілетін дәрежесі:	«Есеп және аудит» мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры

5B050800 - Есеп және аудит мамандығы бойынша

міндетті пәндер каталогы

Пәндер цикларының қысқаша аталуы	Пәндер мен оның негізгі бөлімдерінің аталуы	Кредит көлемі және сағат саны
1	2	3
ЖБП	Жалпы білім беру пәндері	28(1260)
МК	Міндетті компонент	21 (945)
KKZT 1103 / SIK 1103	<p>Қазақстанның қазіргі заман тарихы Пререквизит: жоқ Постреквизит: жоқ Күтілетін нәтиже: Мазмұны: XXғ. Бірінші жартысындағы Қазақстан. Кеңестер билігі тұсындағы Қазақстан. Қазақстандағы 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы. Қазақстан шетел интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында (1918-1920 жылдар). Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат. Өлкедегі кеңестік мемлекеттік құрылыс. Қазақстан Ұлы Отан соғысы кезінде 1941-1945жж. 1946-1970 жылдардағы Қазақстанның қоғамдық экономикалық жағдайы. 1970-1980 жж. Қазақстан Ғылыми-техникалық прогрестің өндірісіне енгізіле бастауы. Тәуелсіз Қазақстан. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Реформалардың сәтсіздікке ұшырауы және дағдарыстың өршуі. Қайта құру жылдарындағы Қазақстан саясатының негізгі кезеңдері және оның сипаттамасы. Қазақстан қайта құру мен тәуелсіздік жолында. Қазақстан Республикасының жариялануы. Қазақстан – тәуелсіз егеменді мемлекет. Саясат саласындағы стратегиялық мақсаттар. ҚР мемлекеттік рәміздерінің қабылдануы. Жаңа сайлау жүйесінің қабылдануы.</p>	3 (135)
K(O)T 1101 / KR Ya 1101	<p>Қазақ (орыс) тілі Пререквизит: жоқ Постреквизит: жоқ Күтілетін нәтиже: Мазмұны: Қазақ тілін оқыту барысында қазақ тілінің фонетика, лексика, морфология, синтаксис салалары қымтылады. Грамматика бөлімінде қазақ тілінің фонетикалық, орфоэпиялық, орфографиялық пунктуациялық нормалары мен негізгі түсініктері беріледі. Сөйлем деңгейінде жай және күрделі сөйлем құрылысындағы субъектілі-предикативтік қатынастар, жай және құрмалас салалас пен құрмалас сабақас сөйлемдердегі объектілік, анықтауштық, толықтауыштық мәндері ашылады. Лексика саласы бойынша төмендегілер</p>	6 (270)

	<p>қарастырылады: тура, ауыспалы, көп мағыналы сөздер; омоним, синоним, антоним сөздер, фразеологизмдер, лексикография, жиі қолданылатын сөздер: кәсіби – лексика, экономикалық терминдер, ауыз екі сөйлеу лексикасы. Мәтін деңгейінде түрлі тақырыптағы мәтін байланыстарын құралы мен құрылымы, қазіргі қазақ тілінің түрлі стилінің (ғылыми, ауыз екі, көсемсөздік, ресми-іскерлік, көркем әдебиет стильдері) ерекшелітері негізгі алынады. а) оқытудағы негізгі ұстаным-үйренушінің күнделікті сөйлеу жандаятында (әлеуметтік – тұрмыстық және кәсіби-іскерлік жағдаяттарда) тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдана алуы. б) сондықтан тілді үйрету барысында үйренушілердің сөлесім әрекетінің 4 түрін-түрлі типтегі, монолог, диалог, полилог құра білуге үйрету, мәтін мазмұнын талдау мен қайта жаңғыртып оқыту арқылы олардың белсенділігін арттыру көзделеді.</p>	
<p>ShT 1102 / IYa 1106</p>	<p>Шет тілі Пререквизит: жоқ Постреквизит: Кәсіби бағытталған шет тілі Күтілетін нәтиже: Оқу: таныстыру, анықтамалық, шолып оқу дағдысының қалыптасуы. Сөйлеу: оқылған тақырыптар көлемінде монолог пен диалогты дамыту шеберлігі. Жазу: тізбекті ой жүйесін жеткізу, тұжырымдамалар мен шығармалар, жеке және іскерлік мәндегі хаттар жазу дағдысын жетілдіру. Мамандыққа байланысты шетел тіліндегі мәтіндерді ана тіліне тілдік нормаларға сай аудару. Тыңдау: күнделікті кездесетін, ақпараттық, кәсіптік мәндегі хабарларды тыңдау арқылы қабылдау. Мазмұны Оқытылатын шетел тілінің фонетикалық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары. Фонетика: шетел тілінің айтылу, ырғақтық – интонациялық ерекшеліктері, дыбыстық жүйенің рецепциясы мен репродукциясы. Орфография: тілдің дыбыстық – әріптік жүйесі, негізгі орфографиялық ережелер. Лексика: сөзжасам модельдері;көлемі негізгі тілдің 2500 бірлігін құрайтын лексикалық минимум, сонымен қатар мамандықтың профиліне сай терминдер; қолданыс кеңістігіне сай лексиканың дифференциясы. Грамматика: негізгі сөз топтары - зат есім, сын есім, үстеу, етістік, артикль, есімдік, предлог; жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдердің құрылымы, сөзжасамның негізгі модельдері.</p>	<p>6 (270)</p>
<p>Fil 2104</p>	<p>Философия Пререквизит: Қазақстан тарихы Постреквизит: жоқ Күтілетін нәтиже: Мазмұны: Философия мәдениет феномені ретінде. Философия пәні және қызметтері. Мәдени – тарихи контекстегі философия. Мәдениет контексіндегі философияның тарихи типтері.</p>	<p>3 (135)</p>

	<p>Ежелгі үнді философиясы шығыс мәдениетінің феномені ретінде. Қытай мәдениетінің гүлденуі кезіндегі ежелгі Қытай философиясы. Антика мәдениетіндегі философия. Ортағасырлық мәдениеттегі философия феномені. Ислам мәдениеті аясындағы арап-мұсылман философиясы. Батыс Еуропалық орта ғасырлық мәдениеттегі философия және дін феномені. Қайта өрлеу және реформация мәдениетіндегі философия. Жаңа заман мәдениетіндегі батыс еуропалық философия. XIX ғасырдың екінші жартысындағы мәдениеттегі батыс еуропалық философия. Орыс философиясы XIX-XX ғ.ғ. ресейлік мәдениеттің феномені ретінде. Қазақ мәдениетіндегі философия феномені. XX ғ мәдениетіндегі Кеңестік философия. XX ғ. және XXI ғ аясындағы батыс философиясы. Болмыс философиясы. Философиялық антропология. Элеуметтік философия. Мәдениет философиясы. Махаббат философиясы. Дін философиясы. Тарих философиясы. Саясат философиясы. Білім беру философиясы.</p> <p>Диалектика теориясының мәселелері.</p> <p>Эпистемология. Ғаламдық (жаһандық) мәселелердің философиясы.</p>	
<p>АКТ 1105 / ІКТ 1105</p>	<p>Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар (ағылшын тілінде)</p> <p>Пререквизит: Орта мектепте информатика, математика және физика пәндері бойынша алған білімдеріне негізделеді.</p> <p>Постреквизит: Информацияны жинау, талдау, өңдеу және тасымалдау әдістерін және компьютерлік техниканы жете меңгеру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар пәнінен алған дағдыларын оқу барысында және өндірісте қолдану.</p> <p>Мазмұны</p> <p>Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар пәні, объектісі және құрамдас бөліктері. Ақпаратты көрсету формалары. Сан жүйелері. Сандарды аудару әдістері; Екілік арифметика: Дескратизация ұғымы, белгіленген және жылжымалы үтірлі сандармен арифметикалық операцияларды орындау. Тілдер үшін объектілер және процестерді кескіндеу тәсілі. Қазіргі заманғы есептеу техникасының құрылысы. Ақпаратты компьютерде беру. Бульдік алгебра және логикалық схемасы. Логикалық схемалар және логикалық машиналар. Компьютердің негізгі блоктарының элементтерінің негіздерін ұйымдастыру процессордың архитектуралық ұйымдасуы. Компьютердің жадын ұйымдастыру, программаны басқару принципі, функционалдық және құрылымдық компьютерді ұйымдастыру мәліметтерді өңдеудегі желілік технологиялар.</p> <p>Программалауға кіріспе. Есептерді алгоритмдеу негіздері. Алгоритмдер (типтер, қасиеттері, беру тәсілдері). Алгоритмдік структуралар. программалауды оқыту тілдері. жалпы қызметтік программалау тілдері. Қолданбалы программалау мен қамтамасыз ету, ақпаратты өңдеу. Берілгендер базасын басқару жүйесі. Компьютерлік желілер,</p>	<p>3 (135)</p>

	желілік және телекоммуникациялық технологиялар. Желілер жөнінде жалпы мағлұмат, компьютерлердің желілік қарым-қатынасының қажеттілігі. Ақпаратты қорғау негіздері. Ақпараттық қауіпсіздік және оның құрамалары. Ақпараттық процестерге заңсыз енуден қорғау. Ұйымдастыру шаралары, ақпараттық қорғаудың инженерлік техникалық және де басқаша әдістері. Локалдық компьютерлік желідегі ақпараттық қорғау, антивирустық қорғаным.	
ТК 1.2	Таңдауы бойынша компонент	7 (315)
БП 2	Базалық пәндер	49(2205)
МК 2.1	Міндетті компонент	20 (900)
КК(О)Т 2201/ РК(Р)Үа 2201	<p>Кәсіби қазақ (орыс) тілі Пререквизит: Қазақ (орыс) тілі Постреквизит: жоқ Күтілетін нәтиже: Оқу: таныстыру, анықтамалық, шолып оқу дағдысының қалыптасуы. Сөйлеу: оқылған тақырыптар көлемінде монолог пен диалогты дамыту шеберлігі. Жазу: тізбекті ой жүйесін жеткізу, тұжырымдамалар мен шығармалар, жеке және іскерлік мәндегі хаттар жазу дағдысын жетілдіру. Мамандыққа байланысты орыс тіліндегі мәтіндерді кәсіби қызметте пайдалану. Тыңдау: күнделікті кездесетін, ақпараттық, кәсіптік мәндегі хабарларды тыңдау арқылы қабылдау.</p> <p>Мазмұны: Жалпы қолданыстағы сөздер мен сөз тіркестерінің лексикалық минимумын кеңейту, грамматикалық формалар мен құрылымдарды олардыисөз қолданыстағы деңгейі дәрежесінде меңгерту. Мамандығы бойынша лексикалық және терминологиялық минимумдарды меңгеру. Әңгімелесу, мазмұндау, хабарлау сынды түрлі тілдік қызметтер жүйесін құру. Грамматикалық формалар мен құрылымдарды функционалды көріністе дұрыс қолдана білу. Өртүрлі сөйлеу қызметі түрлерінде (сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу) әлеуметтік-тұрмыстық және кәсіби саладағы өзекті, бейімделген және өңделген қиын емес прагматикалық мәтіндерді, диалог мен монологтарды ауызша және жазбаша түрде тақырып бойынша өңдеу. Кәсіби оқу тілін дамыту: а) оқудың тыңдаудың дағдылары мен қалпын қалыптастыру, әдебиеттерді мамандығы бойынша конспектілей білу; б) оқулықтар мен дәрістерге жақын, сәйкес келетін ғылыми оқу мәтіндерінің түрлерін, кәсіби оқу тақырыптары бойынша диалогтар мен монологтар құра білу; в) айтылымның негізгі құрылымдық – мағыналық түрлерін: монолог – сипаттау, монолог – мазмұндау, монолог – талқылу, диалог – әңгіме, диалог – сұхбат түрлерін жеделтетіп (интенсивті) оқыту.</p>	2 (90)
КBShT 2202 / POIҮа 2202	<p>Кәсіби бағытталған шет тілі Пререквизит: Шет тілі Постреквизит: жоқ Күтілетін нәтиже: Оқу: белгілі қызмет саласының базалық</p>	2 (90)

	<p>ұғымдық-категориялық аппаратын және терминдер жүйесін меңгеру.</p> <p>Сөйлеу: оқылған тақырыптар көлемінде қарым-қатынас дағдылары мен диалогты дамыту шеберлігі.</p> <p>Жазу: кәсіби тілдің жазбаша нысанын, заң тілінің барлық деңгейлерінің (лексикалық, грамматикалық) құрылымдық ерекшеліктері, заң мәтіндерінің құрылымын сондай-ақ кәсіби бағытталған шығармаларды құру ерекшеліктерін болашақ заңгердің құқықтық, нормативтік құжаттармен жұмысы кезінде пайдалана білу.</p> <p>Тыңдау: арнаулы мақсаттарға арналған кәсіби тілдің түрлі салаларын тыңдау.</p> <p>Мазмұны: қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде меңгеру, сөйлеу әрекетінің оқылым, жазылым, айтылым, естілім түріндегі коммуникативтік қарым-қатынас дағдылары мен машықтарды дамыту, қоғам өмірінің құқықтық саласы глоссарийін еркін қолдану, әдеби тілдің нормаларын және кәсіби қызметтің феномендерін бейнелейтін арнаулы мақсаттарға арналған тілді игеру.</p>	
EM 1203 / ME 1203	<p>Экономикадағы математика</p> <p>Пререквизит:</p> <p>Постреквизит: макроэкономика</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Мазмұны:Сызықты алгебра және аналитикалық геометрия элементтері. Матрица және анықтауыштар. Сызықты теңдеулер және теңсіздіктер жүйесі. Матрицалық талдаудағы векторлы алгебра элементтері. Анализге кіріспе. Шек және үздіксіздік. Бір және көп айнымалы функциялардың дифференциалды. Туындының қолданылуы. Функцияның интегралдық есептеулері. Анықталмаған және анықталған интеграл. Дифференциалдық теңдеулер. Қатарлар. Ықтималдар теориясы мен математикалық статистиканың негізгі элементтері.</p>	3 (135)
ET 1204	<p>Экономикалық теория</p> <p>Пререквизит:</p> <p>Постреквизит: микроэкономика, макроэкономика</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Мазмұны: Өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну үдерісі кезінде пайда болатын адамдар арасындағы экономикалық қатынастар. Экономикалық шешімдерді қабылдау кезіндегі адамдардың экономикалық әрекеті. Экономикалық сараптау қажеттілігі. Экономикалық үдеріс ғылыми сараптау әдістері. Қоғамдық өндірістің жалпы негіздері. Ресурстар және олардың шектеулілігі. Меншік: мәні және нысандары. Қоғамдық өндіріс нысандары. Экономикалық жүйелердің негізгі типтері және үлгілері. Нарықтық экономика элементтері.</p> <p>Нарықтық экономика жағдайындағы жеке-дара ұдайы өндірістің мәні және қандылықтары. Экономикадағы өнімдердің, шығыстар мен табыстардың ауыспалы айналымы. Ұлттық экономиканы ұдайы өндіру. Ұлттық есеп жүйесі. Қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуы. Ақша-несие</p>	2 (90)

	және қаржы жүйелері. Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу.	
Mik 1205	<p>Микроэкономика Пререквизит: экономикалық теория Постреквизит: макроэкономика, экономиканы мемлекеттік реттеу Күтілетін нәтиже: Мазмұны: Сұраныс пен ұсыныс теориясы тұрғысынан тұтыну нарығындағы шаруашылық субъектілерді талдау. Өндіріс теориясы. Өндіріс шығындары. Жетілген бәсеке-нарық жағдайындағы монополиялық және олигополиялық ортада фирманың максималды пайда алу мүмкіндігі. Өндіріс факторларының нарығы. Нарықтағы жалпы тепе-теңдік, қоғамдық игіліктер мен сыртқы әсерлер (экстерналиялар) түсінігі</p>	2 (90)
Мак 2206	<p>Макроэкономика Пререквизит: экономикалық теория, микроэкономика Постреквизит: кәсіпорын экономикасы Күтілетін нәтиже: Мазмұны: Инфляция, жұмыссыздық, экономикалық өсу мен құлдырау мәселелері. Макроэкономикалық көрсеткіштер. Жалпы ұлттық өнім, баға деңгейі, жұмыссыздық деңгейі, таза экспорт. Қысқы мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдегі нарықтық тепе-теңдіктің макроэкономикалық үлгісі, нарықтардың өзара әрекеттесу үлгілері және оларды ақша-несиелік (монетарлы), салық бюджеттік (фискалды) және сыртқы саясат әсерінен туындайтын өзгерістер</p>	3 (135)
BEN 2207 / OBU 2207	<p>Бухгалтерлік есеп негіздері Пререквизит: Постреквизит: Күтілетін нәтиже: Мазмұны: Бухгалтерлік есеп ақапараттық жүйе ретінде. Қаржы және басқару есептері. Бухгалтерлік есептің стандарттары және концепциялары. Есепке алу әдісі. Қаржылық жағдай және баланстық теңдеу. Теңдеудің принциптері мен бухгалтерлік баланстың маңызы. Шаруашылық операцияларының әсерінен баланста болатын өзгерістер және олардың сипаттамасы. Екі жақты жазу және шот жүйесі. Есептік циклдің аналитикалық есепке алу және синтетикалық шоттары. Ағымдағы активтер: ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері. Тауарлы-материалдық құндылықтардың есебі. Тауарлы-материалдық құндылықтардың өз бағасы бойынша бағалау. Негізгі құралдарды есепке алу. Негізгі құралдарды бағалау. Негізгі құралдардың амортизациясын есепке алу. Негізгі құралдарды жалға беру есебі. Меншікті капитал есебі. Қосымша капиталдың пайда болу жүйесі. Акционерлік капиталды есепке алу. Инвестиция және бағалы қағаздардың есебі. Дебиторлық қарыздар бойынша есеп беру. Белгісіз</p>	3 (135)

	дебиторлық қарыздар мен оларды бағалау бойынша есеп беру. Міндеттемелер мен қарыз бойынша есеп беру. Еңбек ақысы бойынша есеп айырысу есебі. Табыстар мен шығындарды тану және қаржылық нәтижелер есебі. Қаржылық есеп берудің сипаттамасы, маңызы және құрамы. Өндірістік шығындар есебі және өнімнің өзіндік құнын калькуляциясы. Бухгалтерлік есеп және аудиттің (ҚЕХС, АХС) үйлесімділігі және стандартталуы	
КК 2208 / ВФ 2208	Қаржыға кіріспе Пререквизит: экономикалық теория, микроэкономика, макроэкономика Постреквизит: қаржы, корпоративті қаржы Күтілетін нәтиже: Мазмұны: Қазіргі замаңғы қаржылық, ерекше орны бар, бөлек элементтерінің қимылын білу қажет. Бүгінгі күнгі дамып келе жатқан Қазақстанның нарық экономикасының қайшылығын, үйрету айырмашылығын, мемлекеттің жүргізіп жатқан саясатының жағымды және көлеңкелі болып жатқан құбылыстарды көрсету, қаржы механизмінің аспаптарын деректі экономикалық жағдайда қолдана білуге талдағыш әдет ойын өсіруі қажет. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамудың нақты жағдайында қаржыны ұйымдастыру түрлерінің айланысы мен әрекеттесуімен, оларды қолдану тәсілдерімен толық танысуы қажет.	3 (135)
ТК 2.2	Таңдау компоненті	49 (2205)
КП 3	Кәсіптендіру пәндері	32 (1440)
МК 3.1	Міндетті компонент	5 (225)
КК1 2301 / FU1 2301	Қаржылық есеп 1 Пререквизит: Экономикалық теория, қаржыға кіріспе Постреквизит: қаржы менеджменті Күтілетін нәтиже: Мазмұны: Қаржылық есеп берудің құру мен дайындаудың негізі. Ағымдағы активтердің есебі: Ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері. Касса операторлары, олардың есепте көрінуі. Операциялардың балансты есепте көрсетілуі. Алынуға арналған есептеулердің есебі. Күмәнді қарыздар бойынша есебі. Тауарлы материалдық қорлардың есебі. ТМҚ түрлері және олардың жіктелуі. ТМҚ бағалануы, ТМҚ синтетикалық есебі. ТМҚ пайдалануы мен олардың жағдайын бақылау. Ұзақ мерзімді активтердің есебі. Негізгі құралдардың есебі. Материалды емес активтердің қозғалысы бар болуының есебі. Материалдық емес активтердің тозуы. Негізгі құралдардың тозуының есебі. Негізгі құралдарды келесі кезектегі бағалануының есебі. Негізгі құралдарды түгендеу. Ақшақозғалысының дисконттауы. Ағымдағы және болашақтағы құны. Жалға беру есебі. Қаржы құралдары. Міндеттемелер есебі. Ағымдағы міндеттемелердің есебі. Ұзақ мерзімді міндеттемелердің есебі. Қарыздар бойынша шығындар. Меншікті капитал есебі. Жарғылық капиталдың	3 (135)

	калыптасуының есебі. Резервтік капиталдың есебі және қосымшатөленбегенкапиталдың есебі. Бөлінбегентабыстың есебі. Кірістер мен шығыстардың тануы.Өндірістік есепке алу жүйесі. Үстеме шығындар, еңбекақы шығындары және материалдық шығындардың құрамы және есебі. Көмекші өндіріс шығындардың есебі. Әлеуметтік салаларды ұстау	
BE1 3302 / UU1 3302	Басқару есебі 1 Пререквизит: Экономикалық теория, қаржыға кіріспе Постреквизит: қаржы менеджменті Күтілетін нәтиже: Мазмұны: Шығындардың жіктелуі. Материалдық шығындар есебі. Қорлардың деңгейін бақылау және жоспарлау. Еңбекақы шығындарының есебі. Үстеме шығындардың есебі. Бөліп тарату есебі. Үстеме шығындарды талдау. Өндірістік шығындар есебінің әдістері және өнімнің өзіндік құнын есептеу. Сатылар бойынша калькуляциялау. Тапсырыстық есептеу. Функционалды есептеу. Стандарттық есептеу. Нормативтік есептеу. Шығындар баптары бойынша ауытқуларды талдау және оның есебі. Айнымалы шығындар және шығындарды толық бөліп тарату есептеу. Қосалқы өнімнің өзіндік құнын есептеу және кешендік өндірістің шығындарын бөліп тарату әдістері мен шығындар есебі. Бюджеттеу. Бюджет түрлері. Бюджеттік бақылау. Басқару шешімдерін қабылдау. Трансферттік бағалау. Арнайы тапсырысты қабылдау. Ұзақ мерзімді инвестициялық шешімдерді қабылдау. Инвестициялардыбағалауәдістері.	2 (90)
ТК 3.2	Таңдау компоненті	27 (1215)
	Теоретикалық оқытудың барлығы:	129
ОҚТ	Оқытудың қосымша түрлері	
МК	Міндетті компонент	14-тен кем емес
ДШ	Дене шынықтыру Пререквизит: жоқ Постреквизит: жоқ Күтілетін нәтиже: Дене шынықтырудың мағынасы мен мазмұнын, организмнің психофизикалық ерекшеліктерін, дене жағдайының диагностика критерийлерін білу. Дене қасиетімен қимыл-қозғалыс мүмкіншіліктерін қолдана білу. Мазмұны: дене Денсаулық туралы түсінік, мәні, мазмұны, критерийлері, факторлары. Шынығу деңгейінің жағдайы мен көрсеткіштері. Заманауи сауықтыру жүйелерінің және құралдарының сипаттамасы. Дене шынықтыру бойынша кәсіп білім және практикалық дағды. Психореттейтін жаттығу.	8